

«Nursultan» балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңес
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №1

Өтілген күні: 05.09.2023жыл.

Қатысқандар: Педагогтар

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. *Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.*
2. *Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.*
3. *Жұмыс кестесімен ұйымдастырылған іс- әрекет кестесін құру.*
4. *Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.*

Тыңдалды:

1 –мәселе бойынша балабақша әдіскері құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті ұйымдастырылған іс- әрекет жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс-құжаттарының жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі : Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орындарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің әрі жарық, әрі жылы болуын қадағаладық. Оқу қызметін өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың әнмен дене, би ұйымдастырылған іс- әрекеттеріне баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – Мәселе бойынша балабақша әдіскері топтардағы тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді

4 –мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі Өмірғалиева А.Б. балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша әдіскеріне жүктелсін.
2. Топтардың жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақшаның шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
3. Жұмыс кестесі мен ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестесінің құрылуына және оқу құжаттардың дұрыс жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі жақсы болып табылсын .

Кеңес төрайымы:

Өмірғалиева А.Б.

Хатшы:

Сана А.Н.

